

Темперамент, мінез, қабілет психологиясы

Орындаған: 6М011600-География
мамандығының
I-курс магистранты **Нұрман Ермұхан**

Темперамент- белгілі бір адамға тән, сыртқы әсерлерге жауап беру реакцияларының динамикасы, бір қалыптылығында көрініс беретін мінез-құлықтың табиғи ерекшелігі, адамның биологиялық жағын көрсететін қасиеттердің бірі.

Темперамент тұлғаның бойындағы мәнді қасиеттердің бірі болып табылады. Бұл мәселеге деген қызығушылық бұдан екі жарым мың жыл бұрын туындаған. Ол ағзаның биологиялық және физиологиялық құрылсызы мен дамуына, сонымен қатар әлеуметтік дамудың ерекшеліктеріне негізделген жеке-дара айырмашылықтардың болуына байланысты туындаған. Тұлғаның биологиялық құрылсызына ең алдымен темпераментті жатқызамыз. Темперамент адамдар арасындағы көптеген психикалық ерекшеліктердің болуын, оның ішінде эмоция қарқындылығы мен тұрақтылығын, әрекет қарқыны мен күштілігін, сонымен қатар басқа да динамикалық сипаттамаларды анықтайтын қасиет.

Сангвиник іс-әрекет темпераменті – оптимист, сенімі мол, қалжыңбас. Ол тез ашуланып тез қайтады, көп уәде береді, бірақ оларды кейде орындай алмайды. Сангвиник жаңа таныс емес адамдармен тез тіл табыса алады, жақсы пікірталасқа түседі, ол үшін барлық адамдар дос болып келеді. Оның негізгі ерекшелігі көмекке әр кезде дайын болатындығы мен ақ көнілділігі. Оны ақыл-ой және дене жұмыстары тез шаршатады.

Меланхолик іс-әрекет темперамент – себебі ол сангвиникке қарама-қарсы, көніл-күйі төмен адам. Мұндай адамдардың ішкі өмірі күрделі, олар өзіне қатысты барлық нәрселерге үлкен мән береді, сезімтал жанды, әрі уайымшыл болып келеді. Меланхолик ұстамды және уәде бергенде абай болады, орындаі алмаса уәде бермейді. Берген уәдесін орындаі алмағанда көп қиналады.

Холерик іс-әрекет темпераменті- себебі ашуланшак адам. Мұндай адам өте қызба және ұстамсыз. Егер де онымен бәтуаға келер болса тез қайтып, жүмсарады. Оның қимылдары тез, бірақ ұзак емес.

Флегматик іс-әрекет темпераменті-себебі сүйк адам. Ол күрделі белсенді жұмыстан гөрі, қол бостылықты қалайды. Оны ашуландыру қын, бірақ ашуланса ұзакқа созылады.

Мінез- әрбір адамның жеке басына тән өзіндік психологиялық қасиеттер мен ерекшеліктер жиынтығы. Мінездің қасиеттері мен ерекшеліктері әркімде әр қылышта жағдайда байқалып, адамның сол жағдайларға қатынасын білдіреді. Мінез-бұл адамның әлеуметтік мінез-құлқының ерекшелігі, ол әлеуметтік топтағы адамдардың жүктелген ісін орындаудында, адам аралық қарым-қатынасында көрініп отырады. Мінез ерекшеліктері адамның даралық өзіндік психологиялық қасиеттері. Дегенмен адам бойындағы ерекшеліктердің бәрі бірдей. Мысалы, естудің нәзіктігі, көздің көргіштігі, есте сақтаудың шапшаңдығы, ақыл ойдың тереңдігі мінез ерекшеліктеріне жатпайды.

Алайда, “қабілет” термині психологияда оның бұрыннан және кеңінен қолданғанына қарамастан, көптеген авторлар бірнеше мәнде түсіндіреді. Егер қазіргі кездегі қабілетті зерттеу барлық мүмкін нұсқаларды жинақтаса, онда оларды үш негізгі типке бөлуге болады. Бірінші жағдайда қабілетпен барлық мүмкін психикалық процестер мен жағдайлардың жиынтығын түсіндіріледі. Бұл “қабілет” терминің неғұрлым кеңірек және ең көне түсіндірмесі. Екіншіден қабілетпен іс-әрекеттің сан алуан түрлерін адамдардың табысты орындаудың қамтамасыз ететін іскерлік пен дағдылар, жалпы және арнайы білімнің дамуының жоғары деңгейі түсіндіріледі. Аталмыш анықтама XVIII-XIX ғасырдың психологиясында пайда болып, қабылданған және де қазіргі кезде де жеткілікті дәрежеде жиі кездеседі. Үшінші бұл – біліммен, іскерлікпен және дағдымен сәйкес келмейтін, тек қана олардың тәжірибеде тиімді пайдалануына негізделген .